

Бекітемін:

Мектеп директоры

Ж.Р. Даутов



**«Амангелді жалпы білім беретін мектебі» КММ оқушыларының
ғылыми қоғамы жөніндегі ереже**

1. Жалпы түсінік

- 1.1 Өздерінің ақыл ойларын, интеллектуалды қабілеттерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын арттыру мақсатында оқушылар мен жастардың келісімімен шығармашылық бірлестік құрылды.
- 1.2 Осы бірлестіктің өз аты, ұраны, салт-дәстүрі мен эмблемасы бар.
- 1.3 Оқушылардың ғылыми-қоғамы өз құрамына жеке секциялар, ғылыми үйірмелер, клубтар және ғылымның әр түрлі бағытындағы қоғамдарды енгізе алады.
- 1.4 Оқушылардың ғылыми-қоғамының қызметі Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министірлігінің нормативтік құқықтық актілеріне, Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.5 Оқушылардың ғылыми қоғамы қызметін ұйымдастыруды қоғам құрылып отырған «Амангелді жалпы білім беретін мектебі» директоры іске асырады.

2. Оқушылардың ғылыми қоғамының мақсаты мен міндеттері.

Оқушылардың ғылыми қоғамының мақсаты мен міндеттері болып:

- 2.1 Оқушылардың ғылыми зерттеуге қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін таныту және дамыту, ғылыми ізденудің әдістерін оқыту, шығармашылық сипаттағы жеке тұлғалары тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу;
- 2.2 Оқу мекемелеріне оқушыларды тәрбиелеуде, олардың жан-жақты дамуына, еңбекке шығармашылық тұрғыдан қарағанда өмірлік және азаматтық көзқарастарын қалыптастыруға, жоғары адамгершілік қасиеттер мен рухани мәдениетін дамытуға белсенді түрде көмектесу;
- 2.3 Мектеп бітірушілердің нәтижелі түрде мамандық таңдауына және мамандық бағытына көмектесу болып табылады.

3. Оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысын ұйымдастыру.

- 3.1 Оқушылардың ғылыми қоғамына осы қоғамда жұмыс істеуге тілек білдіргендер және мұғалімдер, әр бағыттағы пән бірлестіктерінің жетекшілері ұсынып оқушылар мүше бола алады.
- 3.2 Оқушылардың ғылыми қоғамының жоғары ұйымы тәртіп бойынша жылына бір рет шақырылатын қоғам мүшелерінің сессиясы болып табылады.
- 3.3 Сессияда оқу жылының міндеттері айқындалып, нәтижелері шығарылады, жеке секциялар жұмысы және қоғам мүшелерінің есебі тыңдалады, жұмыс жоспары бекітіледі және басқада шешімдер мен құжаттар қабылданады.
- 3.4 Оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысына сессия аралығында құрамында оқушылар, педагогикалық ғылыми орталықтардың және оқушылардың ғылыми қоғамының қызметіне қатысатын түрлі ұйымдарда өкілдері бар сессияда сайланған үйлестіру кеңесі жетекшілік жасайды.
- 3.5 Оқушылардың ғылыми қоғамында басшылық және сабақтарды кеңесшілер мен ғылым жетекшілермен камтамасыз өтуді қоғам құрылған оқу орны атқарады.
- 3.6 Оқушылардың ғылыми қоғамында мамандар, ғалымдар және мұғалімдер келісім-шарт немесе қосымша қызмет атқаруы бойынша Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жұмыс істейді. Олар секцияларға, оқушылардың ғылыми бірлестігіне сол сияқты оқушылар таңдап алған тақырыптағы жеке жұмыстарына жетекшілік етеді.
- 3.7 Оқушылардың ғылыми қоғамы бөлімшелерінің жетекшілері үйлестіру кеңесімен келісілген арнайы бағдарламалар жасай алады, ол қоғам жұмыс істейтін мекеме жетекшісімен бекітіледі.
- 3.8 Ғылыми жетекшінің, кеңесшінің басшылығымен бекітілген бағдарлама бойынша және оқушылардың тақырыптық шығармашылық жұмыс бойынша ғылыми қоғамы мүшелерінің сабақтары аптасында кемінде бір рет ұжымды түрде немесе жекелей өткізіледі.

4. Оқушылардың ғылыми қоғамы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.

Оқушылардың ғылыми қоғамының әрбір мүшесі:

- 4.1 Секция жұмысына, барлық іс-шараларға қатысуға;
- 4.2 Әр түрлі секция, бөлім жұмыстарымен танысуға және бір секциядан екінші секцияға өтуге;
- 4.3 Қоғамның және оның бөлімшелерінің жұмысын жақсарту мақсатында өз ұсыныстарын енгізуге;
- 4.4 Өз жұмысын ғылыми жоба жарыстарына, ғылыми конференцияға қатысу үшін жариялауға;
- 4.5 Оқушылардың ғылыми қоғамы немесе оның секциясы филиалы жұмыс істейтін лаборатория мен кафедралардың құрал-жабдықтарын пайдалануға;

4.6 Ғылыми мектеп, оқу-әдістемелік жиын, шығармашылық экспедиция, ғылыми-практикалық конференциялар, ғылыми жоба жарыстарына қатысуға;

4.7 Оқушылардың ғылыми қоғамындағы белсенді жұмысы және шығармашылық табыстары үшін мақтау қағазы, құрмет белгісімен, диплом марапатталуға үшін ұсынылуға құқықты.

Оқушылардың ғылыми қоғамының әрбір мүшесі:

- ғылыми жетекші басшылығымен таңдап алған тақырып бойынша ғылыми- іздену жұмыстарын жүргізуге;
- саналы білімге және ғылыми ізденіс дағдыларына ие болу үшін талаптануға, өзінің ғылыми деңгейіне көтеруге;
- оқушылардың ғылыми қоғамының мәжілістеріне жүйелі түрде қатысуға;
- мәжілістерде баяндамалар мен хабарламалар жасап тұруға,
- оқушылардың ғылыми қоғамы басшылық ұйымдарының тапсырмаларын жауыпты орындауға;
- қоғам жұмыс істейтін ғылыми мекеменің лаборатория, құрал-жабдықтарына ұқыпты қарауға;
- бір немесе бірнеше шығармашылық топтарда белсенді жұмыс істеуге, конференция, жорықтарға қатысуға, таңдап алған ғылыми саласы бойынша білімін өздігінен тереңдетуге, оқушылар мен халық арасында білімді насихаттауға қатысуға;
- өз жұмысы жөнінде шығармашылық топта, сессияда, конференцияда есеп беруге міндетті.

5. ОҒҚ есебі

5.1 ОҒҚ кез келген мүшесі өз нәтижесі жөнінде оқу жылының аяғындағы секцияның жалпы жиналысында баяндайды.

5.2 Секцияның озат жұмыстары мектеп жарыстарына ұсынылады. Жарыстарға ұсынылған жұмыстар бақылаудың ізденіс-тәжірибелік талдауымен және қорытындысымен жинақталған зерттеу-тәжірибелік сипатта болуы мүмкін. Жұмыс авторлар тобының орындауында болуы мүмкін. Конкурса ұсынылған ғылыми-зерттеу жобасы ғылыми-зерттеу журналымен және жетекшілердің пікірімен бірге ұсынылуы тиіс.

5.3 Үйлестіруші кеңес өзінің жұмысы туралы сессияда есеп береді.

6. Қаржыландыру және жабдықтау базасы

Қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету көзі түрлі ұйымдар мен мекемелердің, әкімияттың, олардың ішінде шығармашылық өнімдерін тапсырушылардың, сондай-ақ азаматтардың бюджет басқармасының қаражаты болып табылады. Бұл қаражат ОҒҚ материалдық-техникалық базасын дамытуға, оқытудың сапасын арттыруға, жұмыс орындаушылардың – оқушылар мен мамандардың ынтасын арттыруға жұмсалады.